

Халықаралық қоғамдастық

## Мемлекет басшысы «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты

**Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, C5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.**

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

– Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдамаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

– Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ – Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы

салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уран-газ сураныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 миллиард

доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты.

Жалпы, Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, аса маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты триллион доллардан асады.

Президент америкалық компанияларды елімізде инвесторлар үшін жасалған оңтайлы жағдайды пайдалануға шақырды. Тіпті, оларға өзі қолдау көрсетінін жеткізді.

## Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Траппен келіссөз жүргізді



**Ақ үйдегі кездесуде Мемлекет басшысы Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қоңақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді.**

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті.

Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қол-

дайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дөлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады.

Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттары арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды.

Әңгімелесу барысында екі-жақты ықпалдастықтың кең көлемдегі мәселелері жан-жақты талқыланды, өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективті бағыттары нақтыланды.

Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.



\*\*\*

«Мемлекет басшысы АҚШ-қа сапары барысында The Washington Post және The New York Times секілді америкалық танымал басылымдарға сұхбат берді» деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастыққа, Америкаға сапарының мәні мен маңызына, Дональд Трамп жүргізіп отырған саясатқа, әлемдегі геосаяси жағдайға, Украина төңірегіндегі ахуалға және басқа да мәселелерге қатысты ойымен бөлісті.

Мәселенің мәнісі

## Сұйытылған газ бағасы тұрақты бақылауда



**Түркістан облысында бүгінде сұйытылған мұнай газын тарату және сату ісімен 50-ге жуық кәсіпкерлік субъектісі айналысады. Белгіленген баға шегінде 1 литр газдың құны 102–107 теңге аралығында сақталуда.**

Атырау мұнай өңдеу зауытының биылғы қазан айындағы жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты еліміздің бірқатар өңірлерінде сұйытылған газ тапшылығы байқалды. Бұл – өндіріс процесіне қажетті техникалық шараларға байланысты уақытша ғана орын алған жағдай. Қазіргі таңда зауыттағы жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр және қараша айының алғашқы онкүндігінде толық аяқталады деп жоспарлануда. Осыдан кейін барлық өңірлерде сұйытылған газдың жеткізілу көлемі мен тұрақтылығы қалпына келтіріледі.

Осы жылдың қараша айына Түркістан облысына барлығы 11 880 тонна сұйытылған мұнай газы бөлінген.

Бүгінгі таңда облысқа сұйытылған мұнай газын жеткізу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асуда. 1–3 қараша аралығында өңірге 32 вагон немесе 1 085,65 тонна газ жөнелтілді. Қалған көлемдер бекітілген кестеге сәйкес айдың соңына дейін толық жеткізілетін болады.

Жалпы алғанда, қалыптасқан жағдай уақытша сипаттағы, жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты орын алған мәселе. Энергетика министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және газ таратушы кәсіпорындар бірлесе отырып, жағдайды тұрақтандыру бойынша нақты шараларды іске асыруда.

Өңірде сұйытылған газды жеткізуге байланысты қалыптасқан жағдайға орай, Түркістан облысы әкімінің тапсырмасы негізінде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы жағдайды тұрақтандыру мақсатында бірқатар нақты шараларды жүзеге асырды.

Аудандық әкімдіктер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне алыпсатарлық әрекеттердің алдын алу және бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Өндіріс зауытымен газдың уақытылы жөнелтілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ теміржол тасымалдаушыларымен вагондарды дер кезінде жеткізу бойынша тығыз жұмыс жүргізілуде.

Жағдайды бақылауға алыпсатарлықтың кез келген көріністерінің алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары тартылды.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы сұйытылған газ нарығындағы ахуалды тұрақты бақылауда ұстап, Түркістан облысында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

«ОҢТҮСТІК»-АҚПАРАТ.

Баспасөз – 2026

## «Оңтүстікке» жазылу жүріп жатыр

**Құрметті оқырман! 2026 жылдың бірінші жарты-жылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталып кетті. Қоғам дамуының қозғаушы күші әрі қуатты құралы баспасөздің өмірімізде алар орны ерекше. Баспасөз, сондай-ақ, ойымыздың кемелдігін, рухымыздың кенендігін айқындайтын ұлы қазына. Сондықтан егер сіз рухани жағынан байып, кемелденгіңіз келсе, облыс және ел жаңалықтарын күнделікті біліп отырғыңыз келсе, әлемдегі орын алған оқиғалардан құлағдар болуды ойласаңыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!**

**Жарық көре бастағанына жүз жылдан асқан қолыңыздағы байырғы басылым билік пен бұқара арасындағы дәнекер міндетін адал атқарып келеді. Біз бұл жолдан таймаймыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің ұжымы алдағы уақытта да сіздердің талғам-таразыларыңыздан шығуға, рухани қызмет көрсетуге дайын!**

6 ай мерзімге жазылу бағасы:

Жазылу индексі: 68464  
«Қазпошта» АҚ арқылы

Түркістан облысы бойынша:  
Жеке тұлғалар үшін – 5672,32 теңге.  
Заңды тұлғалар үшін – 8959,84 теңге.

Шымкент қаласы бойынша:  
Жазылу индексі: 65464  
Жеке тұлғалар үшін – 5672,32 теңге.  
Заңды тұлғалар үшін – 8959,84 теңге.

«ERNUR-press» ЖШС арқылы  
Түркістан облысы мен  
Шымкент қаласы бойынша – 5340 теңге.

«Экспресс-пошта» ЖШС арқылы  
Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша  
Жеке тұлғалар үшін – 5296,80 теңге.  
Заңды тұлғалар үшін – 5938,80 теңге.

Шымкент қаласы бойынша тікелей редакция арқылы жазылу бағасы – 2500 теңге.